Хаттама №8
Қамқоршылық кеңестің отырысы
«М.Бегенов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Өткізілген уақыты: 28.02.2023 жыл
Өткізілген орны: Биология кабинеті

Отырыстың төрағасы: Ижанаева Ботакөз Аққуатқызы
Қатысқандар: мектеп директоры, мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру.
2. Кеңес мүшелерін сайлау.
3. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, отырыстарда қаралатын мәселелерді айқындау.

**Тыңдалды**:

1. Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің төрағасы Ижанаева Ботакөз Аққуатқызы сөз сөйледі. Ол жиналыс қатысушыларына мектептегі қамқоршылық кеңестің мақсаты мектептің оқу тәрбие жұмысын дамытудың көкейкесті мәселелерін шешу, ал міндеті мектептің үздіксіз жұмыс істеуіне және дамуына ықпал ету, білім үрдісін жетілдіруге, білім сапасын арттыруға қатысу, білім үрдісіне қатысушылар құқығының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру екендігін айтып өтті. Кеңес мүшелеріне өздерінің негізгі атқаратын қызметтері туралы хабарлады. Кеңес мүшелері мектеп миссиясын анықтауға, даму стратегиясын жасауға қатысады, мектеп қызметін бағалауды жүзеге асырады. Қамқоршылық кеңестің құрамындағы комиссия мүшелері әртүрлі нысандардан немесе кәсіпкерлерден қайырымдылыққа түскен қаражатты жұмсау бойынша қоғамдық бақылау жүргізеді. Сондай-ақ, білім беру және еңбек тәртібі заңдарына сәйкес даму бағыттарын ұйымдастыруға және айқындауға ықпал жасайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға әлеуметтік көмек көрсетеді. Мұғалімдердің шығармашылығын дамытуға, оқушылардың білім сапасын арттыруға көмектеседі.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес қызметінің және оның сайлау тәртібімен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің құрамына өз еріктерімен мүше болған және еркті түрде осы қамқоршылық кеңес жұмысын жасауға ниет білдірген белсенді ата-аналарды айтып қамқоршылық кеңесі құрамымен таныстырды.

| | | |
|---|---|---|
| Қамқоршылық кеңесінің төрағасы | Ижанаева Ботакөз Аққуатқызы | Жеке кәсіпкер, мүше |
| Кеңес мүшелері | Омарова Райса Камуовна | Ақжігіт бөбекжайы тәрбиеші, мүше |
| | Сейтхожаева Ардак Биргалиевна | Ақжігіт бөбекжайы тәрбиеші, мүше |
| | Сисенбаев Бейбіт Кобегенович | КазСуШар аға оператор, мүше |
| | Сариева Алия Исенбаевна | Ақжігіт мәдениет үйі, мүше |
| | Жаңбырбаева Шолпан Омирузаковна | ФАП Ақжігіт медбике, мүше |
| | Мендикулова Багила Жолдыбаевна | Орман шаруашылығы оператор, мүше |
| | Лауһаев Рахымжан Нұрланұлы | Ақжігіт аулы әкімінің |

| | | |
|---|---|---|
| | | аппараты, мүше |
| | Дүйсенбаев Салауат Шалқарұлы | Бейнеу АП бөлімі, мектеп инспекторы, мүше |
| Кеңес хатшысы | Тілекбаева Гүлмира Рахымжанқызы | Әлеуметтік педагог |

Кестеде көрсетілген кеңес мүшелері мен төраға, төраға орынбасарлары дауыс беру арқылы сайланды, барлығына дауыс беріліп, олардың сайлауына қарсы адамдар болған жоқ. Олардың кеңестегі атқаратын жұмыстары туралы да қысқаша түсінік берілді.

3. Үшінші мәселе бойынша қамқоршылық төрағасы осы оқу жылындағы жасалатын жұмыс жоспарымен және отырыстарда қаралатын мәселелермен таныстырды, ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен және отырыстағы күн тәртібімен келісіп қолдады.

**Қаулы:**

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес, қамқоршылық кеңесінің жұмысы жүргізілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің құрамы төмендегі кестеге сәйкес бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары мен отырыстарда қаралатын мәселелер бекітілсін.

Төрағасы: Б.Ижанаева
Хатшысы: Г.Тілекбаева